

Байғанин ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 272 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 желтоқсанда № 4658 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 21 мамырдағы № 116 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 21.05.2018 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 245 "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3 бабының 7 тармағына сәйкес Байғанин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысының Байғанин ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Ергалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Д Аккагазов

КЕЛІСІЛДІ

"Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" ММ басшысы

А. Есжанов

Байғанин аудандық әкімдігінің 2015
жылғы 10 желтоқсандағы № 272
қаулысымен бекітілген

Байғанин ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 03.05.2017 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

--	--	--	--

№	Автомобиль жолдары индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KD-BA-37	Қарауылкелді-Жарқамыс 0-102,480	102,480
2	KD-BA-38	Қарауылкелді-Жарқамыс- Алтай батыр–Миялы– Оймауыт 0-171,255	171,255
3	KD-BA-39	Қарауылкелді ауылына кіре беріс 0-2,830	2,830
4	KD-BA-40	Кемерши ауылына кіре беріс 0-56,000	56,000
5	KD-BA-41	Ебейті ауылына кіре беріс 0-43,690	43,690
6	KD-BA-42	Ноғайты ауылына кіре беріс 0-3,690	3,690
7	KD-BA-43	Көкбұлақ ауылына кіре беріс 0-18,000	18,000
Барлығы:			397,945

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК